

№ 4 дәріс

**Тақырып: Биология білімінің
мақсаттары және мазмұны**

Биология білімінің мақсаттары және мазмұны

Биология ғылымының мақсаты- зерттеу арқылы табиғат туралы жаңалықтар, жаңа білім алу.

Биология пәнінің мазмұны және оның өзіндік ерекшеліктері, оқыту әдістерін, тәсілдерін анықтаумен шектелмейді, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін де анықтайды.

Биологиялық білім қоршаған табиғи ортаның маңызын, табиғатты қорғау қажеттілігімен қалпына келтіру шараларын қоғамдық және еңбектің гигиенасының маңызын түсінуге, оқушыларды өмірге бейімдеп, политехникалық білім алуға мүмкіншілік туғызады.

Биологиядан сабақ беру барсында тірі ағзалардың нақты фактілерін, табиғат құбылыстарының бір-бірімен байланысын тірі табиғаттың даму эволюциясының заңдылықтарын оқып білу оқушылардың ғылыми, диалектикалық материалистік көзқарастарын қалыптастырады.

Биологияны оқыту әдістемесі мектеп пәндерінің ерекшелігіне байланысты *оқыту* және *тәрбиелеу* процестерінің жүйесі туралы ғылым. Бұл жүйені білу мұғалімге биологияны оқытуды меңгертеді. Әдістеме педагогикалық ғылым. Сондықтанда оның мақсаты, міндеті жалпы білім беру мен тәрбиелеуге бағытталған. Биологияны оқыту әдістемесі түрлі әдістерді мұғалімге меңгертудің нәтижесінде оларды оқушыларға нақты биологиялық білім беруге және осы алған білімдерін өмірде қолдануға үйретеді.

Биология қоршаған ортаны толық білуге, қорғауға, ауыл шаруашылығының ғылыми негізгі жалпы және еңбек гигиенасының ролін беруге мүмкіндік беріп өмірге дайындайды. Тірі табиғат объектілерін бақылау және оны салыстыру, анықтау оқушылардың ой-өрісін дамытады. Зертханалық, сарамандық оқу-тәжіребесін аймақты, үйірмеде тірі табиғат бұрышы. Оқушылардың жұмыстануы олардың танымдық қызығушылығын ұйымдастыру дағдысын еңбек мәдениетін арттырады.

Қазіргі кездегі биология ғылымына табиғат және оны зерттеу әдістер туралы білім тән. Биология ғылымынан басқа да жаратылыстану ғылымының арасында байланыс бар. Кең аумақты ғылыми ақпараттардан мектеп пәніне тек білімділік, тәрбиелік мәні бар. Құнды оқу материалдары алынады. Соған байланысты мектептік биология пәні биология ғылымының әртүрлі саласын қысқартып бермейді, жүйеленген, өңделген материалдар жиынтығын ұсынады.

Мектептегі биологияның мазмұны әртүрлі ғылыми фактілер, ұғымдар, заңдылықтар, терминдерден тұрады. Бұларды оқушылардың білуі тиіс. Әрбір адам қоршаған ортаны, тірі табиғатты өсімдіктермен жануарларды өзінің жеке ағзасының құрлысын, атқаратын қызметін тарихи және жеке дамуын өсімдіктер мен жануалардың табиғаттағы ауыл шаруашылығы маңызын білу қажет. Бұларды түсіну табиғатқа саналы түрде қарау іскерлік пен еңбек дағдыларын үйрену үшін керек.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Н.М.Верзилин «Общая методика преподавания биологии» М,1972ж.
2. В.М.Корсунская «Уроки общей биологии» М,1970г
3. Зверев И.Д., Мягкова А.Н. «Общая методика преподавания биологии»

Назарларыңызға
рахмет!!!